

Рухани жаңғыру - табысты ел болуымыздың кепілі» атты студенттердің ғылыми- теориялық конференция

Елбасының «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде 2017 жылдың 7 желтоқсанында **«Рухани жаңғыру - табысты ел болуымыздың кепілі» атты студенттердің ғылыми- теориялық конференция болып өтті. Конференцияны университетіміздің ғылыми істер жөніндегі проректор филология ғылымдарының докторы Р.А. Досжан ханым ашты. Құттықтау сөзінде студенттердің ғылыми-теориялық конференциясын ашық деп жариялап, өзінің Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде баяндама жасады. Сонымен қатар университеттің студенттері отандық конференциялармен шектеліп қана қоймай шет елдерде де ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялағандығын айта кетті. Студенттердің жетістіктерін марапаттауға «Жаратылыстану» факультетінің деканы педагогика ғылымдарының кандидаты Г.И. Бейсеноваға сөз берілді. Факультет деканы үстіміздегі жылдың 25 қарашасында «Бейнелеу өнері» және «Дизайн» мамандығының студенттері Чехия елінің Теплице қаласында өткен «Как прекрасен этот мир» атты VI халықаралық шығармашылық байқауға қатысып, жүлделі орындармен оралды:**

1. Баракбай Гулбану Нұржанқызы
2. Сапаров Ералы Есенбекович
3. Камбарбеков Мухаммедкарим Эркабайұлы
4. Көпбай Аружан Жолдасқызы
5. Пискентбоева Нафисахан Пулатқызы
6. Танатар Аружан Бахтиярқызы
7. Алиаскар Ақжанар Сейтжаппарқызы
8. Алибай Жумагул Оспанқызы

Халықаралық байқауға қатысқан 7 студент I дәрежелі дипломмен, ал 1 студент II дәрежелі дипломмен марапатталды. Орталық Европада орналасқан көне Чехия елінің көркемөнер кеңістігінде Аймақтық әлеуметтік – инновациялық университеті студенттерінің шығармашылық туындылары Европа өнер майталмандарын тәнті етті. Бұл үлкен жетістікке университет студенттері университет құрылтайшысы Жунусов Файзулла Турежанұлының және басқа да басшылардың қолдауы арқасында жете білді. Әрбір студентке жетекшілік жасаған ұстаздардың да мәртебесі Чехия өнер қауымы тарапынан жоғары бағаланды. Болашақта университет студенттерінің осындай жетістіктерге жете беруіне тілектеспіз.

Сондай-ақ п.ғ.к., Г.И.Бейсенованың жетекшілігімен Дизайн мамандығының 1 курс 107-17 топ студенті Әлібай Жұмагүл «Оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырудың рухани жаңғыруындағы алатын орны» тақырыпта өзінің баяндамасында қазіргі оқушы жастардың дүниеге ғылыми көзқарасының қалыптасуын, жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуі мен тұрақты сапарлармен қасиеттерді иемдену керектігін айтып өтті.

Келесі баяндамашы аға оқытушы Р.К.Таубаеваның жетекшілігімен музыкалық білім мамандығының 3курс 106-15 тобының студенті Абдрахман Ерсұлтан «Түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл жырау, қобызшы Қорқыттың музыкалық мұрасы» атты тақырыпта әсерлі баяндама оқып, өзінің өнерге деген сүйіспеншілігін көрсете білді.

Келесі оқытушы А. Каликбердиеваның жетекшілігімен «Шетел тілі:екі шет тілі» мамандығының 1курс 119-17тобының студенті Абдугаппарова Лазиза «ҚР білім жүйесіндегі: Үш тұғырлы тіл» «The trilingual languages in educational system of Kazakhstan» атты тақырыпта болашақ жастарымыздың үш тілді еркін меңгеріп отанымызға өз үлесімізді қосу мақсатында ағылшын тілінде баяндама жасады.

Дизайн мамандығының 3курс студенттері Сатқынбек Назгүл, Ыдырысова Айдана аға оқытушы Л.С. Атанчаеваның жетекшілігімен «Студенттік көңіл күй» киімдер жинағын көрермендерге ұсынып, өздерінің шығармашылық жұмыстарын дефиле түрінде көрсетті.

Пленарлық мәжілістен кейін студенттерге арналған концерттік бағдарламада көрсеткен өнер майталмандары көрермен көңілінен шыға білді. Студенттердің ғылыми-теориялық конференциясында мамандықтар бойынша 7секция талапқа сай жұмыстарын жасап, конференцияның нәтижелерін қорытындылады. Конференцияда Елбасының «болашаққа бағдар:рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында 800 ге жуық мақалалар баяндалып, талқыланды. Конференцияда өзекті тақырыптар бойынша әрі бәсекеге қабілетті тұлғаларды даярлау мақсатында туған жерді аялау тәуелсіздігімізді, егемендігімізді бүкіл әлемге паш етуге дайындалып жатқан студенттерімізді көрдік. Соңында 1,2,3дәрежелі дипломдармен және сыйақылармен студенттеріміз марапатталып, конференция өз мәресіне жетті.

